№1 Меңгеруші жанындағы кеңес

Мерзімі: 25.08.2021.ж
Қатысқаны:7

Күн тәртібінде:

1.Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық туралы. Ата-аналар жарнасы туралы.
2.Тәрбиешілерді топтарға бөлу туралы.
3.Мектепке дейінгі балалардың денсаулығын нығайту, қимыл ойындарға қызығушылықтарын арттыру.

1.Тыңдалды: Бөбекжай-бақша меңгерушісі: сөз алды. Осы айда жалпы ата -аналар жиналысын өткізуіміз керек- деді. Жалпы ата аналарды жинап, бөбекжай-бақшаның жылдық жоспары мен атқарылып жатқан іс шараларды таныстырып, ата аналар комитетін сайлауымыз керек. Ата аналардың келісімімен ата аналар жарнасын түзіп,бір жүйеге келтіруіміз керек. Базардағы азық түліктердің бағасына қарай, сапалы балалардың төлем ақысын анықтауымыз тиіс.

2.Тыңдалды: Бөбекжай-бақша меңгерушісі: сөз алды.Тәрбиешілердің білім деңгейін анықтау мақсатында, түрлі тест сұрақтарын алды. Осының нәтижесінде , топтардың тәрбиешілері анықталды. Меңгерушінің бұйрығымен топтарға бекітілді. Сонымен бірге, тәрбиешінің өз міндеттері мен құқықтарымен таныстырып, жұмыстарына сәттілік тіледі.

3.Тыңдалды: Бөбекжай-бақша меңгерушісі: сөз алды. Ол өз сөзінде балалардың денсаулығын нығайту , қимыл ойындарға қызығушылықтарын арттыру мәселесіне тоқталды. Физиологиялық дамуына, дене бітімінің жетілуіне арналған ойын түрлерін күнделікті ойын кездерінде орындау, жыл бойы балаларды шынықтырудың дұрыс тәсілдерін қолдану. Тәрбиешінің дыбыс беруі арқылы балаларды жылдам қозғалуға үйрету, дыбыс беру арқылы жылдам ажырата білуі және балаларды шапшаңдыққа үйрету. Балаларға белсенді қимыл әрекеттерге қызығушылықтары артып, қимылды ойындардың, гигиеналық талаптардың ережелерін дұрыс пайдалану түсініктерін қалыптастыру мақсатында тәрбиешілер көп ізденсін, еңбектенсін.

Сөз алғандар: Бөбекжай-бқша дамыту. Үйлесімді әрекет етуге баулу, ойын ережесін дұрыс орындауға үйрету, тәрбиешісі: сөз алды. Ойындар арқылы балалардың ептілік, сезімталдық, жылдамдық қасиеттерін кеңістікті қимыл ойындарға қызығушылықтарын ояту, арттыру мақсатында бағдарлай білуге машықтандыру. Ойын барысында бірлесе жолдасына көмек көрсете әрекет етуге жаттықтыру әдістерін үйрету

Шешімі:

1. Тәрбиешілер іздену жұмыстарын жалғастырсын.
2 .Тәрбиешілер бөлінген топтары бойынша тәрбиленушілер мен ата аналардың балабақшаға деген ынтасын, қызығушылықтарын арттыру.

Төрайымы: Бөбекжай-бақша меңгерушісі: **Р. Нысанбаева**
Хатшы: әлскер: **С. Бағдаулетова**

Сканировано с CamScanner

№2 Меңгеруші жанындағы кеңес

Мерзімі: .09.10. 2021.ж
Қатысқаны:9

Күн тәртібінде:

1. Қ.Р. МЖМБ Стандартының талаптарының ендіру сапасын қадағалау.
2. Балалардың бөбекжай-бақшада адаптациялық кезеңін ұйымдастыру шаралары.

1.Тыңдалды: Бөбекжай-бақша меңгерушісіҚ.Р. МЖМБ Стандарты талаптарының оның ішінде күн режимі ,әр топқа сәйкес ұйымдастырылған оқу-іс әрекеттерінің ұзақтығы, балаларды үйге қайтару кезіндегі кемшіліктерді болдырмау жөні сөз болды.Меңгеруші топтардағы білім беру салаларына арналған орталықтардың жабдықталуы мен толықтырылуы жөнінде айта келе әдіскерге осы жұмыстың нақтылануын тапсырды. Балалар шкафтарының талапқа сай белгіленуін баса айтты. «Ойын» тнхнологиясы элементтерінің дұрыс пайдалануы, дидактикалық материялдардың көбейтуді қажет ететіні айтылды.
Сөз алғандар: Әдіскер сөз алып,алдағы уақытта жоспарлы түрде жұмыстар жүргізілетінін айтты. Күннің II жартысындағы вариативтік бөлімнің жұмысын әлі де болса тиянақтау керектігі айтылды.

2.Тыңдалды:Бөбекжай-бақша меңгерушісі сөз алды. Бөбекжай-бақшаға жаңа келген баланың адаптациялық кезеңнен өтуі шараларын ұйымдастыру қажеттілігі айтылды. Психологтың ұйымдастыруымен бұрыш жаңартылып, толықтырылуы керек екені айтылды.
Сөз алғандар:Әдіскер психолог сөз алып, айтылған мәселелердің орындалатынын айтты.

Шешімі:

1. Стандарт талаптарын енгізу сапалы түрде жүргізілсін.
2. Балалардың бөбекжай-бақшадағы адаптациялық кезеңін ұйымдастыру шаралары жаңартылсын.

Төрайымы: Бөбекжай-бақша меңгерушісі **Р. Нысанбаева**
Хатшы: әдіскер: **С. Бағдаулетова**

Сканировано с CamScanner

№3 Меңгеруші жанындағы кеңес

Мерзімі: 22. 10. 2021.ж
Қатысқаны:9

Күн тәртібінде:

1.Балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру сапасын талқылау
2. Үйірме жұмыстарының сапасын қарау.

1. Тыңдалды. Бөбекжай-бақша меңгерушісі сөз алды: Балалардың тамақтануы сан пинге сәйкес келу керектігі басты назарда болу керек. Тамақ әзірлеудегі тазалық нормалары қатаң сақталу қажет екендігі айтылды.
Бөбекжай-бақша медбикесі сөз алды: Қазіргі таңда азық-түліктің қымбаттап бара жатқанын айтып, жарна пұл деңгейінде ас мәзірін түрлендіріп ұстап отырғанын, кисель,компот қайнатуды тоқтатпай бала ағзасына қоректік тағамдарды дайындау яғни күз айларында көбірек көкөніс тағамдарын ас мәзіріне қосу керектігі айтылды.
Тыңдалды: Бөбекжай-бақша меңгерушісі сөз алды: Азанғы ас пен бесін асты ауыстырып тұру керектігін айтты. Асхана тазалығын назарда ұстау медбикеге тапсырылды.

2.Тыңдалды. Бөбекжай-бақша меңгерушісі: сөз алды.Ол өз сөзінде балалардың сөйлеу дағдылары мен тілін машықтандыру, танымын кеңейтуде үйірме жұмыстарының маңызы зор екеніне тоқталды. Қажет жағдайда ата-аналарды да үйірме жұмыстарына тарту арқылы бірлесе жұмыстар аткару керек.

Сөз алғандар: Б/б тәрбиешісі: сөз алды. Үйірме жұмыстарының жоспары бекітіліп, жұмыс жүргізіліп жатқаны айтылды. «Сахналық қойылымдар арқылы баланың тілін дамыту» үйірмесінің мақсатымен таныстырды. Жұмсақ қуыршақтар, көлеңкелі театр, саусақ театры, атрибуттар арқылы жұмыстар жүргізілетіні, сол арқылы бала тілінің дамуын қамтамасыз етілетіні айтылды. Үйірме жұмыстарының тиімді екені айтылды.

Шешімі:

1.Бөбекжай-бақшадағы тамақтандырудың сапасын төмендетпеу, тағам түрлерін жиі ауыстырып тұру, үнемі назарда болсын.
2. Үйірме жұмыстарын жандандырылсын. Ата-аналарларды бірлесіп жұмыс жасауға тартылсын.

Төрайымы: Бөбекжай-бақша меңгерушісі: **Р. Нысанбаева**
Хатшы: әлскер: **С. Бағдаулетова**

Сканировано с CamScanner

№5 Меңгеруші жанында

№4 Меңгеруші жанындағы кеңес

Мерзімі: 25. 11. 2021.ж
Қатысқаны:8
Дәлелді:1

Күн тәртібінде:

1. Мерекелік ертеңгіліктер сценарилерін бекіту.
2. Қ.Р. МЖМБСтандартының индикаторларының негізінде жасалған мониторинг қорытындысы.
3. Балалардың тілін дамыту барысында сөздік ойындар пайдалану деңгейі.

1.Тыңдалды. Бөбекжай-бақша меңгерушісі сөз алды: Желтоқсан айындағы мерекелік күндерге арналған ертеңгіліктердің талапқа сай өтілу керектігі айтылды. Карантин талаптарына сай сырттан ата-аналар қатыстырылмайтыны айтылды. Ертеңгілік сценарилері бекітілді.

2.Тыңдалды: Бөбекжай-бақша меңгерушісі сөз алды: Қ. Р. МЖМБС сай жүргізілетін бала деңгейін анықтаушы индикаторлар арқылы мониторинг қорытындысын айта келе, әдіскерге сөз берді. Әдіскер әр топ балаларына тоқталып өтті. Жіберілген кемшіліктерге тоқталып, алдағы уақытта қайталанбау керектігін айтты.

3.Тыңдалды: Бөбекжай-бақша меңгерушісі сөз алды. Өз сөзінде балалар тілді өз пікірлерін, сезімдерін және басқа да ойларын білдіретін құрал ретінде ғана емес, сонымен қатар басқада адамдармен, қатынас жасап , түсіну және түсіндіру құралы ретінде де қолданулары тиіс. Ата аналар, тәрбиеші және оқытушылар кішкентай бала тілін қалыптастыруда және сауаттылығын дамытуда басты рөл атқарады. Сондықтан да,балалардың тілін дамыту барысында тәрбиешілер күнделікті іздену жұмыстарын басшылыққа алуларың керек- деп сөзін аяқтады.

Сөз алғандар: тәрбиешісі: сөз алды. Бала өз тілінде жануарлардың және олардың төлдерінің атауларын (қой-қойлар, қошақан-қошақандар) білдіретін зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сонымен бірге таныс заттар мен ойыншықтарды барыс септігінде көпше түрде қолдануы үшін ойын жағдайларын құру. Ортаңғы топ тәрбиешісі: сөз алды. Балалардың өз жауаптарында дұрыс грамматикалық құрылымдар жасап, жаттыға отырып, күн бойында баланы әңгімеге тарту. Баланы жаңа материалдармен және обьектілермен таныстырғанда , аттарын атап , мағынасын түсіндіру қажет. Ойында, тұрмыста заттардың бөліктерін, сапасы мен қасиеттерін дұрыс атауға және ажыратуға үйрету бағытында жұмыстар атқарылуда.

Шешімі:

1. Мерекелік ертеңгіліктер жоғары өз деңгейінде өткізілсін.
2. Әр кезең бойынша бала дамуының индикаторы уақытылы шығарылып отырсын.
3. Балалардың тілін дамыту барысында сөздік ойындар пайдалану дәңгейіне материалдар жинақталсын.

Төрағымын: Бөбекжай-бақша меңгерушісі: **Р. Нысанбаева**
Хаттың: әдіскер: **С. Бағдаулетова**

Сканировано с CamScanner

№5 Меңгеруші жанындағы кеңес

Мерзімі: 22. 12. 2021.ж
Қатысқаны:8

Күн тәртібінде:

1. Жаңа жылды қарсы алу мерекелік шараның қалай өтілетінін айту.
2. Балалар аурушаңдығына талдау және медбике жұмысының жарты жылдығына талдау
3. Кіріс құжаттарының жинақталу мен уақытылы орындалу барысы.

1.Тыңдалды. Бөбекжай-бақша меңгерушісі сөз алды: Жаңа жыл мерекесі тек топтар ішінде ертеңгілік немесе оқу іс-әрекеті түрінде ғана өткізіледі. Карантин талаптарын сақтай отырып жүргізіледі. Аяз ата, Ақшақар қызметкерлер арасынан сайлансын. Ата-аналардан сыйлық алуға безендіру жұмыстарына ақша жиналмауы керектігі айтылды.

2.Тыңдалды: Бөбекжай-бақша медбикесі сөз алды: Қыс айларында балалар аурушаңдығы жиілейтіні, бөбекжай-бақшаға келген азанғы уақытта күнделікті тәртіппен бала қызуы тексерілетіні, қызу байқалған болса, дереу үйіне қайтарылатыны айтылды. Биылғы қыс мезгілінде бала аурушаңдығы жиілеп тұрғаны, жөтелген балалар көп екені байқалып тұр. Медбикенің жұмыс жоспарына сәйкес жасалып жатқан жұмыстарына талдау жасалды. Қызметкерлердің уақытылы денсаулық кітапшасынан өтуі, бала денсаулығы кітапшасының толық болуы қадағаланып, уақытылы өтіліп тұр. Медбике журналдары қаралды. Ескертулер айтылды. Карантин талаптарының сақталуын қадағалау, бөтен кісілердің ғимаратқа кіргізілмеуі қатаң қадағалауда ұсталсын. Қызметкерлердің уақытылы вакцина алуы да медбикеге тапсырылды.

3.Тыңдалды:Бөбекжай-бақша меңгерушісі: сөз алды. Мекемеге келіп түскен кіріс құжаттар мен тапсырмалардың уақытылы орындалу, жинақталу барысы жайлы, шығыс құжаттарының дұрыс рәсімделуі жайлы айтылды. Ұялы телефонға келген тапсырмалардың да қағаз күйіне шығарылып, жинақталуы керек екені айтылды. Бөбекжай-бақша әдіскері осы жұмысқа жауапты екені айтылды.

Шешімі:

1. Жаңа жылды қарсы алу мерекелік ертеңгілік өз дәрежесінде өткізілсін.
2. Бөбекжай-бақшадағы медбике жұмысы талапқа сай жүргізілсін.
3. Бөбекжай-бақшаға келіп түскен кіріс құжаттары талапқа сай рәсімделсін және уақытылы орындалсын.

Төрайымы: Бөбекжай-бақша меңгерушісі: **Р. Нысанбаева**
Хатшы: әдіскер: **С. Бағдаулетова**

Сканировано с CamScanner

№6 Меңгеруші жанындағы кеңес

Мерзімі: 26. 01. 2022.ж
Қатысқаны:8

Күн тәртібінде:

1. Дамыту орталарында балалар әрекетін ұйымдастыру.
2. Таңертеңгі жаттығуда спорттық құралдарды қолдануды жоспарлау және пайдалану.
3. Баланы өзіне өзі қызмет көрсетуді үйрету.

1.Тыңдалды:Бөбекжай-бақша меңгерушісі: сөз алды.Ол өз сөзінде оқу іс әрекеттерінде балалардың дамыту орталарында ұйымдастырылатын іс шаралар жайында сөз қозғады.
Мектепке дейінгі балалар ұйымның кәсіби құзіретті ,3 жастан бастап 5 жасқа дейінгі балаларды оқыту мен тірбиелеудің қазіргі әдістемесін меңгерген ,жаңашылдық мүмкіндікке ие, шығармашылығын ,өзін әрдайым жетілдіріп отыратын педагогтың жеке тұлғасын қалыптастыру.Мәдени орындарға баруға балаларды тарту.Мәселен,кинотеатр,мега орталық,саябақ, мұражай.Жағымды эмоционалдық көңіл күй туғызатын қоршаған орта құру т.б балалардың жағдайын жасау іс әрекетіне көшуді, тәрбиешілерге айтып өтті.
Сөз алғандар: Б/б тәрбиешісі: сөз алды.Баланы қоғамдағы мәдениеттің әр түрін бейнелейтін ойындармен және дидактикалық материалдармен қамтамасыз етіп жатырмыз. Жобаны аяқтауға қажетті ақпарат көздерін қолдануға және іздестіруге көмектесу.
Түсінуді ары қарай жалғастыруға қажетті ақпаратты іздеуге жағдай тудыру,жаңа ақпаратқа неізделген әрекеттерді өзгертуге балаларды тарту.

2.Тыңдалды.Б\б тәрбиешісі: сөз алды.Таңертеңгі жатты ғулардың өтілу деңгейіне тоқталды. Қоғамдық тәрбиенің жалпы жүйесінде мектеп жасына дейінгі баланың дене бітімін тәрбиелеу ерекше орын алады. Өмірді қорғау мен денсаулықты нығайту,бала организмінің қызметін жетілдіру,мұның денені дұрыс жетілдірудегі ықпалы жұмыс қабілетін арттыру дене жағынан тәрбиелеудегі ең басты міндеттер болып табылады. Қазақи ұлттық дәстүрімізге сай көріктілігін,ептілігін,сегіз қырлы бір сырлы жан жақты ұлттық қаси етін танып білуді бала бойына қалыптастыру сәби кезінен табылады. Балалардың қозғалыстарын жетілдіру,қимылдық дағдыларын және де ненің икемділік,шапшаңдық күштілік,төзімділік сияқты қасиеттерін қалыптастыру басты міндет болып табылады.

3.Тыңдалды. Б\б тәрбиешісі: сөз алды. Баланы өз өзіне қыз мет көрсетуді үйрету мәселесіне тоқталды. Тәрбиеші бұл жастағы бала ларға үнемі тамақтану алдында баланың қолын жуу,бір жастан бастап бір жас үш айға дейін қасықпен қою тамақты,ал бір жас алты айдан бастап кез келген бетімен іше білуге үйретеді.Тамақтану кезінде тәрбиеші балаларды тек өз ыдысынан ғана ішуге, нанды сорпа ішу кезінде бірге жеуге,балаларға арналған орындыққа ересектер

Сканировано с CamScanner

үстелге жақындатқаннан кейін өз бетімен отыруға ,тамақтанып болған соң ересектердің айтуымен өз орындығын орнына итеріп қоюға үйретеді.
Сөз алғандар.Тәрбиеші: сөз алды.Балалардың өз бетінше жұмыс жасауына ,қызмет етуіне жағдай жасап жатырмыз. Балалардың қолдарын өз бетімен жуынып,киімін киюін және шешінуін,бәтенкесінің бауын байлауын, киімінің түймесін ағытуын ,бас киімін шешуін мадақтау. Барлық кір ,лас нәрсеге жағымсыз қарым-қатынасты тәрбиелеу : бет аузының кіріне назар аударуға, жуынуға ,сүртінуге ,су болған киімдерін шешуді сұрауға үйрету.

Шешімі:

1.Дамыту орталарында балалар әрекетін ұйымдастыру жұмыстары жүргізілсін.
2.Таңертеңгі жаттығуда спорттық құралдарды жоспарлау жүзеге асырылсын.
3. Баланы өзіне өзі қызмет көрсету жұмыстары қолға алынсын.

Төрайымы: Бөбекжай-бақша меңгерушісі: **Р. Нысанбаева**
Хатшы: әдіскер: **С. Бағдаулетова**

Сканировано с CamScanner

№7 Меңгеруші жанындағы кеңес

Мерзімі: 23.02. 2022.ж
Қатысқаны:8

Күн тәртібінде:

1. Қауіпсіздік техникасы бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
2. 8-22 –наурыз мерекелерінің сценарилерін бекіту.
3. Балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау.

1.**Тыңдалды.** Бөбекжай-бақша меңгерушісі Р. Нысанбаева сөз алды. Техника қауіпсіздік жөнінде түсіндіріп өтті. Қауіпсіздік техникасы бойынша жұмысты ұйымдастырудағы маңызды қадам балалар бақшасында еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы жөніндегі іс шаралар жоспары. Мұнда қызметкерлермен, балалармен және ата аналармен қауіпсіздік техникасы жөніндегі жұмыстың негізгі бағыттары белгіленеді. Олар:
-Нормативтік құжаттарды оқу; «Қ.Р еңбек кодексі»
-«Мектепке дейінгі мекемеде балалардың денсаулығы мен өмірін қорғау» нұсқауы.
-Ұйымдастыру жұмысы;
-Қызметкерлерге қауіпсіз еңбек жағдайын жасау;
-Балалар бақшасында балалар үшін қолайлы санитарлық- гигиеналық жағдай жасау;
-Оқу тәрбие процесінің қауіпсіз жағдайын жасау;
-Балалар мен қызметкерлер үшін еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау әзірлеу мен бекіту.
2.**Тыңдалды:** Бөбекжай-бақша меңгерушісі: сөз алды. Көктемнің алғашқы айы наурыз да келіп қалды. Ағаштар бүршік жарып, жәндіктер оянып, дала жылы шуаққа кенелетінін бәріңіз білесіздер. Алда 8-22-наурыз мерекелері келе жатыр. Әр топ мерекелік бағдарламаларын дайындап, жоғары деңгейде өткізуіміз керек .8-наурыз аналар мейрамына орай, балалардың өздері жасаған гүл шоқтарын ұсыну: ал , 22-наурыз Ұлыстың ұлы күніне орай, балабақшада наурыз көже пісіріп, қазан көтерейік,-деген ұсыныс білдірді.
Сөз алғандар: Бөбекжай-бақша тәрбиешісі: сөз алды. Апайдың сөзіне қосыламын, тәрбиешілердің көмегімен балаларға гүл шоқтарын бірігіп жасатамыз.
22-наурыз қарсаңына орай әр тәрбиеші үйіміздің наурыз көже пісіріп ала келейік. Балабақшада да пісіріп, наурыз тойын жақсы қарсы алайық –деді.
3.Тыңдалды:Бөбекжай-бақша меңгерушісі сөз алды. Жақсы ұйымдастырылған жұмыстың нәтижесінде әрбір қызметкердің балалардың өмірі мен денсаулығы үшін жауапты. Балалармен болған әрбір бақытсыз, келеңсіз жағдай туралы тез арада басшығы хабарланады. Ол алғашқы медициналық көмек беру мен медпунктке, қажет жағдайда басқа бір емдеу мекемесіне жеткізуге, бақытсыз жағдайды тудырған себептерді жою бойынша тез арада шара қолдануға,болған оқиға туралы білім бөліміне хабар беруді ұйымдастыруға міндетті. Сөз алғандар. Бөбекжай-бақша мейірбикесі А.Тапиева сөз алды. Балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында шараларын, сабақтар өткізіп жатырмын. Тәрбиешілер, ұжым бұл жағдайдан хабардар. Айтқан жерден аулақ, құдай сақтасын, балаларға бір нәрсе бола қалса бірінші мен алғашқы көмекті көрсетемін деді.

Шешімі:

1. Қауіпсіздік техникасы жайында тәрбиешілер оқып,ізденсін.
2. 8-22-наурыз мерекелері өз дәрежеде өтілсін.
3. Балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау ережелері басшылыққа алынсын.

Төрайым: Бөбекжай-бақша меңгерушісі: **Р. Нысанбаева**
Хатшы: әдіскер: **С. Бағдаулетова**

Сканировано с CamScanner

№8 Меңгеруші жанындағы кеңес

Мерзімі: 30. 03. 2022.ж
Қатысқаны: 8

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Мектепке дейінгі баланың шығармашылық іс әрекетін ұйымдастыру
3. Көгалдандыру мәселесі.

1.Тыңдалды. Бөбекжай-бақша меңгерушісі сөз алды. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жайында тоқталды. Тәрбиешілер атқарған жұмыстар жайында өз есептерін берді. Мерекелік ертеңгіліктердің өз мәнінде өтілгендігі айтылды.

2.Тыңдалды. Бөбекжай-бақша меңгерушісі: сөз алды. Ол баланың шығармашылық іс әрекетін ұйымдастыруы жайында сөз қозғады. Шығармашылық жеке адамның табиғи қасиеттері мен қабілеттерін дамытудың мазмұнды ортасы. Шығармашылық арқылы бала өзін қоршаған ортаны түсінуін, түйсінуін, эмоциасын, қарым қатынасын білдіреді, орасан зор психикалық және эмоционалдық ләззат алады, жан жақты және үйлесімді дамиды. Қияды өрістеп, қоршаған ортадағы құбылыстар мен сұлулықты таниды. Өзін тұлғалық жағынан сезіну қалыптасады. **Сөз алғандар.** Бөбекжай-бақша тәрбиешісі: сөз алды. Ол балалардың шығармашылық процесінің дамуын ұйым дастырылған әрекетінде кеңінен байқауға мүмкіндік беретін жалпы әдістерін тәрбиешілерге атап көрсетті. Жазып алуларын талап етті.
- Әртүрлі материалдарды (бор,қағаз,акварель) күнделікті шығармашылықтарын көркем түрде қолдану мүмкіндіктерін қамтамасыз ету.
- Өз халқының және басқа да халықтардың сурет, қол өнер, мүсіншілер туындыларымен танысу.
- Баланың ұзақ мерзімді көркем жобаның пайда болуына мүмкіндіктер туғызу.

3.Тыңдалды. Бөбекжай-бақша меңгерушісі сөз алды. Көгалдандыру мәселесіне тоқталды. Көктем де келді. Жан жақты тазалап, айналаны жасыл желекке айналдыруымыз керек. Бұған тікелей шаруашылық меңгерушісі өз жауапкершілігі мен қарауы тиіс. Кем дегенде елу түп ағаш отырғызылуы керек. Айналаны,талдардың түптерін әктеп сырлап коюымыз керек. Гүл отырғызу, егу жұмыстарымен уақытылы айналысу керек. Әрбір қызметкер көркейту-көгалдандыруға ат салысуы керек.

Шешімі:

1. Баланың ой-өрісін дамыту әрекетінде балалардың қол еңбектері еленсін.
2. Көгалдандыру жұмыстарына ұжым мүшелері бір кісідей атсалыссын.

Төрайым: Бөбекжай-бақша меңгерушісі: **Р. Нысанбаева**
Хатшы: әдіскер: **С. Багдаулетова**

Сканировано с CamScanner

№9 Меңгеруші жанындағы кеңес

Мерзімі: 26. 04. 2022.ж
Қатысқаны: 8

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы
2. 1-7-9 мамыр мерекелерінің сценарилерін бекіту
3. Мектепке дейінгі тәрбиеленушілердің ойын әрекеті.

1.Тыңдалды. Бөбекжай-бақша меңгерушісі сөз алды. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жайында тоқталды. Тәрбиешілер атқарған жұмыстар жайында өз есептерін берді. Көгалдандыру жұмыстары жайлы, әлі де болса атқарылатын жұмыстар бар екені, шаруашылық меңгерушісіне баса айтылды.

2.Тыңдалды: Бөбекжай-бақша меңгерушісі: сөз алды.Ол өз сөзінде 1-7-9 мамыр мерекелеріне тоқталды. Әр топтың тәрбиешілері өз топтарында осы мерекелерге байланысты ертеңгілік мерекелік іс шараларын ұйымдастырсын. Алдын ала сценарийлерін түзіп, бекітіп алыңдар деді.
Сөз алғандар: Бөбекжай-бақша тәрбиешісі: сөз алды. Мерекелік ертеңгіліктерге дайындық жасалуда, дамыту мақсатында түрлі ойындар, іс әрекеттер ұйымдастырып жатырмыз

3.Сөз алғандар:Тәрбиешімен бірлескен ойында баланың ойын әрекеттерін қалыптастыру, оларды қарапайым сюжеттерге біріктіруге үйрету. Рольдік ойында баланың мінез құлық мәдениетінің қарапайым түрлерін қалыптастыру, белгілі рольге сай әрекет жасауға талпындыру. Баланың жас ерекшелігіне сай келетін ойыншықтар, атрибуттар ұсына отырып екі үш бөлімдік ойын әрекеттерін қалыптастыру. Әрекетті ойыншықтың бірінен екіншісіне ауысып, ойында 2-3 бір ізді эпизодты орындауға үйретуді жалғастыру. Ойынға ойыншық тармен атрибудтар таңдап алуға,ойыншықты өзімен бірге ойнайтын серіктесі ретінде қолдануға үйрету. Баланың бастамасы бойынша туындаған ойынды қолдау. Ойында орынбасар заттар қолдануға, бірлесіп, бірігіп ойнауға ынталандыру.

Шешімі:

1. Ертеңгігіктер өз жоғары деңгейде өткізілсін.
2. Мектепке дейінгі балаларды ойын арқылы дамытуда тәрбиешілер ізденіс үстінде болсын.

Төрайымы: Бөбекжай-бақша меңгерушісі: **Р. Нысанбаева**
Хатшы: әдіскер: **С. Бағдаулетова**

Сканировано с CamScanner

№10 Меңгеруші жанындағы кеңес

Мерзімі: 23. 05. 2022.ж
Қатысқаны: 8

Күн тәртібінде:

1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы
2.Жаңа оқу жылына дайындық.
3.Мәдени тазалық дағдыларын қалыптастыру.
4.№1 пед. кеңеске дайындық.

1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы жайлы айтылды.
2.Тыңдалды: Бөбекжай-бақша меңгерушісі сөз алды. Ол өз сөзінде жаңа оқу жылына дайындық туралы сөз қозғады. Балабақшаның әктеу сырлау жұмыстары жөнінде шаруа меңгерушісі өз есебін тапсырды. Топ тәрбиешілері өз топтарының жабдықталуы жайында көрнекіліктермен, ойыншықтармен, кітаптармен сонымен бірге бес сала бойынша сөрелердің қамтылуы, балалардың жас ерекшеліктерін анықтай келе топтарға бөлгендерін айтты. Сөз алғандар. Бөбекжай-бақша әдіскері: сөз алды. Жалпылама шолу жасап өтті. Құмдар тазартылып, сынған, бүлінген заттар мен жиһаздардың орны толықтырылды. Ыдыстардың орны қайта толықтырылды.
3. Тыңдалды: Бөбекжай-бақша меңгеруші сөз алды. Тазалық жайында мәдени тазалық дағдыларын қалыптастыру жөнінде сөз қозғады. Ұқыпты тамақтану мен үстел басында өзін - өзі ұстау дағдысын жетілдіру, өз киіміне күтім жасауға жаттықтыру, балаларды тәрбие- шімен, үлкендермен, балабақша қызметкерлерімен амандасуға, қоштасуға үйрету, қызметкерлердің аты жөнімен айтуға жаттықтыру. Мейірімді сөз «рахмет, өтінемін, кешіріңіз» қолдануға баулу. Балабақшада, үйде, қоғамдық орында қарапайым дауыспен сөйлеуге, өзін жақсы ұстауға, тәртіпті, мәдениетті болуға үйрету. Сөз алғандар. Бөбекжай-бақша тәрбиешісілері сөз алды. Өз тобында айтылып жаткан мәдени тазалыққа тоқталды. Жеке басының тазалығына және денсаулығына ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру. Күнделікті тамақ ішпес бұрын қолдарын сабындап жуу, бетін және қолын ұқыпты сүртіп, сүлгіні өз орнына ілуге машықтандыру. Балаларды тамақтану үстінде өздерін қалай ұстауды, тамақты ұқыпты жеуді үйрету.
4.Тыңдалды: Бөбекжай-бақша меңгерушісі сөз алды. Ол №1 пед кеңес ке дайындық мәселесі жайында сөз қозғады. «Баланың тілдік құзіретті лігін дамыту» тақырыбында пед кеңестің күн тәртібін ұжыммен келісе отырып белгіледі.
1) Бала бақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу іс әрекетінің кестесін бекіту.
2) «Баланың тілін дамыту іс әрекетін ұйымдастыру» (баяндама)
3) Балалардың сөздік қорларды меңгерудегі тәрбиешінің ролі. Пікір алмасу. .
4) Тіл дамыту материалдарын дайындау, қолдану әдістері. Көрме.
5) Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту.
Аталған баяндаманы дайындау әдіскер С. Бағдаулетоваға жүктелді.

Шешімі :

1. Жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары қолға алынсын.
2. Мәдени тазалық дағдыларын қалыптастыру әдетке айналсын.

Төрайымы: Б/б меңгерушісі: — Р. Нысанбаева
Хатшы — С. Бағдаулетова

Сканировано с CamScanner